



Жадымда тұрар жаңғырып...

Шынайы өнер мен білімге деген ынтасы оны әріптестері арасында ерекше құрметке бөлеп, жастар үшін үлгі етті. Ақжан апайдың жанашырлығын еске алсам, бір оқиға көз алдыма келеді. Аудандық «Жыл мұғалімі» байқауына қатысатын болдым. Жаңадан жұмысқа тұрған мен қобалжып, өзімді сенімсіз сезіндім.

Уақыт—айнымас жел. Ол бәрін өзгертеді, бірақ асыл жандардың есімі мәңгілік есте қалады. Ақжан Қайырбекқызы—табиғаты дархан, жаны жақұт тұлға болды. Ол тек шәкірттерінің ғана емес, барша қоғамның жүрегіне ізгілік нұрын шашты. Бүгін біз оның мейірім мен парасатқа толы бейнесін қайта жаңғыртып, рухына құрмет көрсетеміз. Ақжан апайдың ортамыздан кеткеніне төрт жыл уақыт өтсе де, оның жарық жүзі мен ізгі сөзі бізбен бірге.

Ақжан Қайырбекқызы— шығармашылық пен білімнің шекарасын жойған тұлға. Ол қазақ тілі мен әдебиетін тек оқыту пәні ретінде ғана емес, өмірді терең түсінудің құралы ретінде насихаттады. Әр сабағы—жанды қойылым, әр оқушы—сол қойылымның басты кейіпкері болды. Оның шәкірттері тек сабақ алушылар емес, өнер мен білімнің шынайы ұмтылушылар еді.

Бүгінде республикалық, облыстық байқаулардағы олардың жеңістері ұстаз еңбегінің жарқын айғағы. Ақжан апайдың мейірімділігі мен адамгершілігі оның әрбір ісінен көрінсін табатын. Ол әр баланы ерекше тұлға ретінде қабылдап, олардың ішкі әлеуетін ашуға тырысты. «Әр оқушы—жарық жұлдыз» деген қағиданы ұстана отырып, олардың өзіндік қасиеттерін дамытты. Ақжан апайдың ақыл-кеңесі мен қолдауы көптеген шәкірттің өмірлік бағытын анықтауға себеп болды. Мектеп—Ақжан Қайырбекқызының шығармашылық алаңы ғана емес, жүрек жылытын бөлетін қасиетті орны еді. Оның ұйымдастырған шаралары көрерменді таңдандырып, әріптестерін шабыттандырды.

Хүсни ҒАБСАТТАР, Т. Жаманмұрынов атындағы ЖББОМ мұғалімі, Аманкөл ауылы

УЛЫ ГАЗБЕН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Ырғыз ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі қауіп-қатердің алдын алу мен зардап шеккен кездегі іс-әрекет тәртібін хабарлайды. Улы газды адамдар әдетте көп байқамайды – өйткені оның түсі де, иісі де жоқ, қаза болған адам оны сезбей кетеді. Оған қоса, газ ауамен араласып өзінің ұлағаш қасиетін жоғалтпаған күйі тез тарайды. Көп жағдайда улы газдан улану көмірмен немесе газбен жағылатын пештерді немесе қазандықтарды дұрыс пайдаланбаудан туындайды. Уланудың негізгі белгілерінен хабардар болу қажет. Улы газ иіссіз болатындықтан, тыныс алу ауасының құрамында 0,08% көмірқышқыл газы араласқан кезде адамның басы ауырып, тұншығу белгілері сезіліп, улануы мүмкін. Көмірқышқыл газының концентрациясы 0,32% дейін жоғарылаған кезде сал ауруының белгілері байқалып, есінен тану жағдайлары болады.

Мұндай жағдайда зардап шегушіге дәрігерге дейін көмектің дұрыс көрсетілуі өте маңызды. Ол үшін алдымен уланған адамды таза ауаға шығарып, аяғын сәл көтеріңкі күйде жатқызып, денесін тар киіммен босатып, мүсәтір спиртін иіскетіңіз. Егер адам есін біліп жатырса оған тынышттық және үзіліссіз оттегі қажет, мысалы газетпен желпуге немесе желдеткіш қосуға болады. Ал зардап шегуші дем алмай жатырса, алдымен тыныс алу жолдарын тазалап алып жасанды дем беру қажет. «Жедел жәрдем» қызметін шақырыңыз. Ондай мүмкіндік болмаған жағдайда өмірлік маңызды функциялары қалыпқа келгеннен соң зардап шегушіні емдеу мекемесіне жеткізуге тырысыңыз. Есіңізде болсын, уланған адамды қауіпті газ концентрациясы бар жерден алып шығу кезінде өзіңіз бірге улануып қалмас үшін бірінші кезекте өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету қажет. Ол үшін тез әрекет етіп, қол орамалы немесе дәке арқылы тыныс алу керек. Улы газдан уланудың алдын алу мақсатында қарапайым қауіпсіздік шараларын естеріңізге саламыз: - есіктері ашық болса да, қозғалтқышы қосулы машинаны гаражда қалдырмаңыз; - генераторды ешқашан үйде, гаражда, жер төледе қоспаңыз; - генераторды далада қосқан күнде де оның ашық терезе мен есіктің қасында тұрмағанына көз жеткізіңіз; - ағаш көмірді үйде, палаткада, машинада немесе гаражда жақпаңыз; - ешқашан білмей, дағдыланбай және құралсыз от жаққыз құралдарды орнатпаңыз және қолданбаңыз; - газ плитасын, пісіру пешін немесе кептіру құралын бөлмені жылыту мақсатында қолданбаңыз; - газ плитасының, пісіру пешінің түбіне фольганы қоймаңыз, себебі ол газдың қалыпты жануына кедергі келтіреді; - газ құрал – жабдықтарын өз бетіңізше жөндемеңіз және газ түтіктеріне кір жаятын жіпті байламаңыз; - газ желісі түтіктерінің ақауларын жөндемеңіз, аспаптан қатерлі ұшқын шығуы мүмкін; - газ құрал – жабдықтарын жұмыс істеп тұрғанда, әсіресе, оларға балалардың қолдары жететін жағдайда қараусыз қалдырмаңыз; - желдетілмейтін газ құрылғысын жабық бөлмеде немесе жатын бөлмеде пайдаланбаңыз. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамау, орны толмас қауіпке әкеп соғуы мүмкін. Жылыту маусымында адам қазасына жол бермеу үшін газбен, сұйық және қатты отынмен (көмірмен) жұмыс жасайтын пештер мен жабдықты пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға шақырамыз. Төтенше жағдай туындаған кезде «101» немесе «112» нөміріне хабарласыңыз.

Ырғыз ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі



МИЛАННАН ЖЕТКЕН САҒЫНЫШ...

«Бір әріп үйреткен адамға қырық жыл сәлем бер...», - деп Алаш зиялысы Жүсіпбек Айтәуітов айтқан екен...

Тарыдай боп кірген шәкірттерінен білім нәрін аямаған, өз баласындай аялаған ұлағатты ұстаз, жуырда ғана қапыл өмірден озған марқұм Бибігүл апайымның қазасын естігенде алыста жатып қатты қамықтым...

Бибігүл Жұмабайқызы Телжан Шонаұлы атындағы мектепте 36 жыл қызмет еткен ұстаз. Өзінің қарапайым-дылығымен, кең жүрегімен шәкірттерін баулай білген жан... Ұлы ұстаз, Алғашқы ұстаз!..

Осыдан 14 жыл бұрын алғаш мектеп табалдырығын аттаған сәтім, жүзінен мейірім төгілген ұстазым әлі күнге өз алдымда. 5 жасыма да қолыма қалам алуды үйретіп, әріп танытқан Бибігүл апайыма өмір бойы қарыздармын. Ата-анам маған өмір сыйласа, апайым маған сол өмірді мәнді сұру үшін білім сыйлады. Апайым салып

берген білімнің сара жолымен аяғымды нық басып, жүріп келемін.

Еліме каникулға келген уақыт біздің отбасымыз үшін кішігірім той десе де болады. Осы кішігірім тойдың басты қонағы Бибігүл апайым болатын. Жаңа жылда сүйікті ұстазымыздың ортамызда болмағаны көңілімді құлазытты. Алғаш айту күні қарсаңында марқұм Бибігүл апайыма іштей алыс-тілек тілеп, дұға еттім. Өзі өмірден өткенмен ұлағатты ұстазымың жарқын бейнесі жүрегімде мәңгі сақталады!

Ордалы Жібек Мұратбекқызы Милан университеті «Data Science» факультетінің студенті Милан-Италия

Меншік иесі: «Үркер» ЖШС Директор Ғалымбек САРБУПИН

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 12.01.2017 жылы тіркеліп, №1692/2-күәлігі берілген.

Редактор: Сарбупин Ғалымбек Ахметұлы

Тілшілер: Дизайнер Тұрсынбек Ақдәулетов, Ұзақбаев Руслан Нұрғұл ҚҰЛМАҒАНБЕКОВА

Мекен-жайы: 030400, Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ырғыз селосы, Амангелді көшесі, 1. Байланыс телефоны: 8-(713-43)-21-4-98 (факс) Газет жарияланымдығы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнын мен мәтініне жарнама беруші жауапты. irgiz@gmail.ru qrguz\_gazeti Ырғыз Газеті Сайт: https://qrguz.kz/

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1174 дана. Тапсырыс №225

Көлемі 1 баспа табақ, ИНДЕКСІ 65511 «Хабар-Сервис» баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Смағұл көшесі, №9/2. Басылу сапасы жөнінде 40-04-00 телефонына хабарласуға болады.

БІРҒЫЗ



Газет 1930 жылғы 30 қыркүйектен бастап шығады

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

№8 (8337)

25 ақпан, сейсенбі 2025 жыл

БІРҒЫЗ-АҚПАРАТ

ОРАЗАҢ ҚАБЫЛ БОЛСЫН, ҰСТАНАР ЖАН!..

РАМАЗАН 2025 7 шікәри 1446 жыл. RAMAZAN AYINNYŪN BASTALUYI RAMAZAN AYINNYŪN AYKALTALUYI. Table with dates: Ақпан 28 Жума, Наурыз 1 Сенбі, Наурыз 28 Жума, Наурыз 29 Сенбі.

30 наурыз - ОРАЗА АЙТ КҮНІ. 26/27 наурыз - ҚАДІР ТҮНІ. Пітір садақа 655 теңге

Құрметті Ырғыз ауданының тұрғындары және қонақтары!

Сіздерді, келе жатқан қасиетті Рамазан айымен шын жүректен құттықтаймын! Алла Тағаладан отбастарыңызға береке-бірлік, татулық тілеймін. Жүздеріңіздегі нұр, жүректіңіздегі иман арта берсін! Алла баршамызды шынайы ықыласпен Ораза ұстаушылар санатына қосып, жәннаттың Райхан есігінен кіруімізді нәсіп еткені! Әмин!

Ырғыз ауданының бас имамы Идрисов Ғалым Русланұлы

Рамазан 2025 Ораза кестесі. 7 шікәри 1446 жыл.

Table with columns: RAMAZAN AYI, AYTA KYNDERI, NAURYZ, TAN (Soraq Otpelet uzaqly), KYNDI SHYRU, BESIN, EKINTI, AQSHAN (Kuzlyshar uzaqly), KYTTAN. Rows 1-29 with times.

ЕСКЕРТУ: Ораза ниет: Алла Тағаладан ризалығы үшін таң атқандан күн батқанға дейін рамазан айының оразамен ұстауға ниет етілу. Арамазан дүниесі Ұл, Жарықпен Иемі Селем ризалығы үшін ораза ұстауды. Саған иман келтірді. Саған тараумен еттім. Сен берген ризалары ауыз ашылу. Ұл, кейіпші Аллал Мәңгі Орунғы және кейбір күнәларыңды келісі!

БІРҒЫЗ-АҚПАРАТ



ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕС

Ырғыз аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Адал ұрпақ - жастарға кеңес» қоғамдық дәрісі өтті. Шараның мақсаты - жастар мен жасөспірімдер арасында өмір құндылықтары, лудомания, нашақорлық, суицид, буллинг, құқық бұзушылықтың алдын алу. Дін және жастар тақырыбының байыбына барып, отбасы құндылығын дәрептеп, рухани патриоттық тәрбие беру. «Адал адам - Адал еңбек - Адал табыс» ұстанымын жастар арасында кеңінен насихаттау, «Заң мен тәртіп» маңызын ЖББОМ директоры В.Машина және жастар ресурстық орталығының басшысы М.Отаров қатысып, шараның мақсаты бойынша ақпарат беріп, сұрақтарға жауап берді. Мұндай кеңестер ауданның бірқатар мектептерінде де өтті.

академиясы қауымдастығы» ЗТБ-нің Ырғыз ауданы бойынша заңгер, кәсіби медиатор Л.Ізімғалиева, аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің көмекшісі, полиция аға лейтенанты Ғ.Ідрисов, аудандық аурухананың психолог маманы Н.Оразалина, аудандық аналар кеңесінің мүшесі, қоғам белсендісі Г.Бисенова, аудандық мешіттің бас имамы, орталықтың теолог маманы Ғ.Идрисов, аудандық білім бөлімінің бас маманы Б.Ешпаanova, Ы.Алтынсарин ЖББОМ директоры В.Машина және жастар ресурстық орталығының басшысы М.Отаров қатысып, шараның мақсаты бойынша ақпарат беріп, сұрақтарға жауап берді. Мұндай кеңестер ауданның бірқатар мектептерінде де өтті.

БІРҒЫЗ-АҚПАРАТ



Шайыр Шынберген Ырғызда болды

Шынберген Сүлейменов

Қазақ эстрадасын әсем әндерімен өрлеп, тыңдарманын талантымен тамсандырып жүрген ақын, сазгер, өңші Шынберген Сүлейменов Ырғызға концерттік сапармен келді.

Аудандық «Арай» мәдениет үйінде «Анаға тілек», «Қырғыз қызы», «Беу, дүние-ай», «Сүйкімді», «Мектепке сағыныш», «Ауылға кеткім келіп тұрады» және тағы басқа көпшіліктің көңілінен шыққан тамаша әндерін алма-кезек шырақды. Өке жолын жалғап жүрген ұлы Бағлан жаңа шығармаларын тарту етті. Ақын концерт барысында әр өннің шығу та-

рихын әзілмен өрлеп, көрерменге жақсы көңіл-күй сыйлады. Кеш соңында Ырғыз ауданы әкімінің орынбасары Серік Қонақбаев шайырға ырғыздық атынан ыстық ықылас-пейілін жеткізді. Аудан әкімі атынан алғыс хат тапсырып, ығына шапан жапты. Ауданымыздың бірқатар азаматтары ақынның келу сапарында шайбауын көтеріп, құрмет танытты.



Тімді сауда жасадым деп жүргенде, сіз ақшасыз және тауарсыз қалуыңыз мүмкін. Fingramota.kz алаяқтардың...

Жалған хабарландырулар

Алаяқтар қымбат тауарды—мысалы, смартфон немесе ноутбукты өте тиімді бағамен сату туралы хабарландыру орналастырады. Олар алдын ала төлем талап етіп (көбінесе танымал емес немесе шетелдік төлем жүйелерін қолдана отырып), ақшаны алғаннан кейін жоқ болып кетеді.

Естеріңізде болсын, ешқашан тауарды алғанға дейін бейтаныс сатушыларға ақша аудармаңыз. Сонымен қатар жеткізілімді немесе ресми төлем шлюзин қамтамасыз ететін ұсынылып отырған платформаның (маркетплейстің) қауіпсіз төлем әдістерін пайдаланыңыз.

Жалған тауарлар немесе дүкендер

Алаяқтар танымал тауарларды тым төмен бағамен ұсынатын дүкен жасайды. Клиент тапсырысты төлейді, бірақ не жалған тауар алады, не мүлдем

ештен алмайды. Қазақстанда маркетплейстерде жиі түпнұсқа электроника ретінде оның арзан көшірмелері (қолдан жасалғандары) сатылады, олар сатып алушыларға кепілдіксіз немесе жарамсыз күйде жеткізіледі.

Жалған қайтарымдар мен шағымдар

Бұл алаяқтық түрі сатушыларға әсер етеді: алаяқтар тауарға тапсырыс беріп, содан кейін оны қайтарған болады, бірақ түпнұсқа тауардың орнына жалған зат салады немесе бос қорап жібереді.

Сондықтан да тауарды жібермей тұрып, алдымен оны суретке түсіріп, бейнетүсірілім жасап алған жөн. Платформадағы сатушыны қорғаңыз және тауар нашар күйде қайтарылса, шағым жасаңыз.

Зиянды сілтемелер арқылы деректерді жинау

Алаяқтар сатып алушыларды тауарды тезірек алу ниетін пайдаланып, маркетингтік ресми беттері ретінде көрсетілген фишингтік сілтемелер жібереді. Пайдаланушылар деректерін енгізеді және осылайша құрылғысына өртүрлі вирустардың енуіне жол береді.

Маркетплейстердегі алаяқтық: Өзіңізді қалай қорғауға болады

Мерекелерден кейін сыйлықтар, жеңілдіктер және акциялар туралы ойлармен жүргенде, көптеген сатып алушылар танымал маркетплейстерде сақтықты естен шығарып алады.

Бөгде қосымшалар арқылы төлем жасау

Сіз маркетплейстен тауарға тапсырыс бергеніңізді ұмытпаңыз, ал «сатушы» сізді тауарды бөгде төлем жүйелері арқылы төлеуге көндіруге тырысады ма? Сізге бұлжағдайда алаяқтық хабарласып тұрғаны белгілі.

Жалған курьерлер мен жалған жеткізу қызметтері

Мұнда алаяқтар өздерін курьер немесе жеткізу қызметінің қызметкері ретінде таныстырып, жеткізу үшін алдын ала төлем сұрайды, бірақ оған қол жеткізілмейді.

Жалған ұтыстар мен жеңілдіктер

Барлығымыз жеңілдіктер мен акцияларды жақсы көреміз, мұны алаяқтар жиі пайдаланады.

Есте сақтаңыз: тауарды тек қорғалған төлем жүйелері арқылы төлеңіз, бейтаныс адамдарға тікелей ақша жібермеңіз.

Есте сақтаңыз: тауарды тек қорғалған төлем жүйелері арқылы төлеңіз, бейтаныс адамдарға тікелей ақша жібермеңіз.

Сіз маркетплейстен тауарға тапсырыс бергеніңізді ұмытпаңыз, ал «сатушы» сізді тауарды бөгде төлем жүйелері арқылы төлеуге көндіруге тырысады ма? Сізге бұлжағдайда алаяқтық хабарласып тұрғаны белгілі.

Мұнда алаяқтар өздерін курьер немесе жеткізу қызметінің қызметкері ретінде таныстырып, жеткізу үшін алдын ала төлем сұрайды, бірақ оған қол жеткізілмейді.

Есте сақтаңыз: тауарды тек қорғалған төлем жүйелері арқылы төлеңіз, бейтаныс адамдарға тікелей ақша жібермеңіз.

Мұнда алаяқтар өздерін курьер немесе жеткізу қызметінің қызметкері ретінде таныстырып, жеткізу үшін алдын ала төлем сұрайды, бірақ оған қол жеткізілмейді.

Есте сақтаңыз: тауарды тек қорғалған төлем жүйелері арқылы төлеңіз, бейтаныс адамдарға тікелей ақша жібермеңіз.

Мұнда алаяқтар өздерін курьер немесе жеткізу қызметінің қызметкері ретінде таныстырып, жеткізу үшін алдын ала төлем сұрайды, бірақ оған қол жеткізілмейді.

Мұнда алаяқтар өздерін курьер немесе жеткізу қызметінің қызметкері ретінде таныстырып, жеткізу үшін алдын ала төлем сұрайды, бірақ оған қол жеткізілмейді.

Тасқынға — тосқын...

Өткен жылы көктемде басталып, жыл бойы жер-дүниені өбігерге салған су тасқынының зардабы ел есінде. Шығын шаш етекпен болды. Ауылдар мен қалалар қирлады.

Былғы көктемге де санаулы күн қалды. Су тасқынына қарсы дайындық қалай? Төтенше жағдайларға қарсы тұрар қауқарымыз бар ма? Өткен долы тасқын қиындықтарынан сабақ алдық па?..

Халықтың көңіліндегі күдікке толы осындай сұрақтарға жауап іздеу мақсатында Ырғыз аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Азамат Жаналинге хабарласқан болатынбыз.

СУ ТАСҚЫНЫ: ҮМІТ пен КҮДІК...

баяндап, ақпараттарымен бөлісті...

«Төтенше жағдай, апат айтып келмейді ғой. Өткен жылғы тасқын өрине, оңайға соққан жоқ. Аудан былтырғы тасқында 4000 текше метр суды қабылдаған екен.



деп айта алмаймыз. Арқаны кеңге салуға болмайды. Тасқынның алдын алу үшін барлық шаралары қатаң бақылауда. Мұз жаруға да арнайы қаражат бөлініп, наурыз тұғасын Шеңбертал, Ырғыз ауылдарында мұз жару жұмыстары жүргізіледі деп жоспарлануда.

«Әрине, қамсыз қалмай тасқынның алдын алуға арналған шаралар өрткерек атқарылғаны абзал. Елдің өбігерге түспей, ауылдардың аман қалғаны керек. Айтып келмейтін апатпен күресте жұмыла жұк көтеріміз қажет-ақ!..»

Руслан Жарқынұлы, «Ырғыз»



Көпшіліктің көңілін алаң қылып, көптеген бері шешімін таппай келе жатқан мәселені Ырғыз аудандық округі әкімі мен Ырғыз аудандық кұрылыс, сәулет, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жол-ұшылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім шешеді деген үміттеміз. Жағымы жағалық, тұщым-ды жауап күтеміз...

Аудан орталығы – Ырғыз ауылы жылдан-жылға көлемі жағынан ұлғайып, тұрғын үйлер санының артуы өрине, көңіл қуантады. Алайда, тұрғындардың талап, тілегін орындау мақсатында әлеуметтік мәселелердің шешілуінің орны бөлек.

Осы орайда, аудан орталығы – Ырғыз ауылы тұрғындары үшін басты өзекті мәселелердің бірі – қоғамдық көлік болып отыр. Бұдан ілгеріректе көшеаралық маршрут жүріп, халық игілігін көрген болатын. Алайда, түрлі себептермен көшеаралық маршруттың тоқтап қалғанына да 2-3 жылдың жүзі болды.

Қазіргі таңда тұрғындар үшін көшеаралық маршрут аударай қажет-ақ. Өрине, бұл өзекті мәселе аудан әкімі мен Ырғыз ауылдық округінің халықпен кездесулерінде, аудандық қоғамдық кеңестің жиынында қаншама рет көтерілгенімен, нәтиже жоқ.

Ұлы Жеңіске — 80 жыл!



Әкеміз Жұбанов Қуанышбай Сәрсенұлы 35 жасында соғыс басталысымен 1941 жылдың шілдесінде айының 15-і күні Ақтөбе облысының Ырғыз аудандық әскери-соғыс комиссариатының армия қатарына алынып, Ақтөбе қаласында жасақталған 101-ші атқыштар бригадасы құрамында сол жылдың аяғына дейін әскери дайындық оқу-жаттығу кезеңінен өтеді.

ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКІЗГЕН 28 МИНУТТЫҚ ЕРЛІК

Майдандағы жан қияр ерлігі мен ерекше батылдығы үшін «Қызыл жұлдыз» ордені мен көптеген медальдармен марапатталды. Сонымен қатар, әкеміздің ерлігі тылда жан аямай еңбек етіп жүрген туған-туысқандарға да айрықша қолдау болып, қуат берді.

Бесжылдық соғыстың ауыр зардап-қасіретін басынан өткізіп, 1946 жылдың май айында елге аман-есен оралды.

1957 жылдың басында Ырғыз өңірінде бес-алты кішігірім шаруашылықтарды біріктіру негізінде Калинин атындағы кеңшар құрылып, оны Қияс Сәрсенбаев басқарды.

1942–1943 жылдары Калинин майданында 4-ші Екпінді Армия сапында болса, ал 1943 жылдың сәуірі мен 1944 жылдың маусымы аралығында Новосибирск қаласындағы Мичуринск әскери-инженерлік училищесінде оқып, кіші лейтенант шенін алады.

1944–45 жылдары 6-шы инженерлік танк Армиясы 22-ші мото-инженерлік бригаданың взвод командирі ретінде майдан шебінің алдыңғы қатарында болды.

Жұбанов Қуанышбай 2-ші Украина майданы сапында Вена, Будапешт, Варшава және Еуропаның көптеген қалалары мен елді мекендерін неміс-фашист басқыншыларынан азат етудегі батылдығы мен қаһармандығы үшін Жоғарғы Басқолбасшы, Кеңес Одағының Генерал-лссисмусы Иосиф Сталиннің Алғыс хатын алған.

Қоғамдық көлікке қашан қол жеткіземіз?!

Қашан қол жеткіземіз?!... Көпшіліктің көңілін алаң қылып, көптеген бері шешімін таппай келе жатқан мәселені Ырғыз аудандық округі әкімі мен Ырғыз аудандық кұрылыс, сәулет, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жол-ұшылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім шешеді деген үміттеміз.


Осы арада айта кету керек, көшеаралық маршрут ең алдымен мектеп оқушыларына керек. Әсіресе, қытымыр қыз мезгілінде мектеп оқушыларының өздерінің білім ордаларына тоңбай-шашырамай жетуі құзырлы орындар үшін сын екені даусыз. Өрине, бұл жерде әр баланы мектепке тасы-

тірмейтін мәселе екені көрініп тұр. Мектепке кеткен баласының аман-дығына алаңдап отырған ата-ананың талап-тілегіне сонда кім жауап береді деген заңды сауал туындайды.

Қанша жерден мәселе өзекті болса да, мектеп оқушыларының мектепке уақытылы, қауіпсіз қатынауына жағдай жасалу қажет. Ал, күнде таксилетіп жүруге бәрінің қалтасы көтере бермесі анық.

Қағамдық көлікке қатысты халықтың сауалы жетерлік. Әлеуметтік желілерде жарыса жазған пікірлерді сараласақ, тұрғындар жауаптылардың уәделеріне өбден тойған секілді.

Т.БЕКЖАНҒЫ, «Ырғыз»



«наградальқы тізімдер мен ерліктер» жөнінде ашық жарияланған деректермен танысу мүмкіндігі пайда болды.

Мысалы, қан майдандағы шайқас кезінде өткен әрбір минуттың шешуші сәттері әкемізге берілген «Қызыл жұлдыз» орденінің наградальқы бетінде ерекше сипатталып жазылған: «1945 жылдың наурыз айының аяғында 181-ші мото-инженерлік батальонның взвод командирі болған тұста оған ұрыстың алдыңғы шебінде өзен арқылы көпір салу жұмыстарын ұйымдастыруға әскери тапсырма беріледі.

Ерлік пен еңбекке толы әкеміздің өмірі мен есімі біздің әулетіміздің мәңгі есінде болады.

Серік ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ, тау-кен инженері, еңбек ардагері

Мен, лейтенант Серік Қуанышбайұлы, 1945 жылдың наурыз айының аяғында 181-ші мото-инженерлік батальонның взвод командирі болған тұста оған ұрыстың алдыңғы шебінде өзен арқылы көпір салу жұмыстарын ұйымдастыруға әскери тапсырма беріледі.